



Қазақстан Республикасының
Дін істер және Азаматтық
Қоғам министрлігі



CISC
Civil Initiatives Support Center



Болашақ
Республикалық
Қозғалысы

ЖАСТАР ҮНІ

ЖАСТАР ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

2017 жыл, журнал №2

ДӘУРЕН БАБАМУРАТОВ:
“Жастар Үні” ЖҚБ төреғасы

**«КӘСІПКЕРЛІК ЖАЙЫНДА
БІЛІМ БЕРУ КЕРЕК»**

**АДАМНЫҢ АРТЫНДА ҚАЛАТЫНЫ - ІЗГІ
ІСТЕРІ МЕН ҰЛАҒАТЫ**

МҰХИТ АСҚАРУЛЫ:
жас кәсіпкер

**«...ИДЕЯ ПАЙДА БОЛСА, ЕН АЛДЫМЕН ТӘУЕКЕЛГЕ БЕЛ
БУЫП, ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ – ЖОК ПРОБЛЕМАНЫ
ЖАСАП ШЫҒАРҒАННАН МАНЫЗДЫРАҚ»**



БІЗ БАРДЫҚ: Алматы облысы: Райымбек және Алакөл аудандары;

ШҚО: Тарбағатай, Үржар, Аягөз аудандары; Қарағанды облысы: Қарқаралы ауданы;

Павлодар облысы: Баянауыл ауданы; Жамбыл облысы: Сарысу ауданы;

ОҚО: Созақ ауданы; Қызылорда облысы: Жаңақорған ауданы.

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқырман қауым!

Абай бабамыз «адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» деген болатын. Қанатты сөзде айтылған қасиеттер ұрпаққа отбасында алған тәрбиемен қатар мектепте берілетін ілімдермен бірге қалыптасады. Заман ырғағы алға жүйткімесе, бәсеңдер емес. Жаңа технологиялар, жаңалықтар, адамның мүмкіндіктері мен өнертабыстары бір-бірімен жарыса пайда болып жатқан уақытта өскелең ұрпаққа оның барлығын түсініп, соңынан ілесе алуына білім керек. Шоқан Уәлихановтың әу баста «халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» дегені әлі де өзектілігін жойған жоқ.

Сөздің басын біліммен бастауымның басты себебі – журналымыздың екінші шығарылымының жаңа оқу жылының басталуымен тұспа-тұс келуінде болып тұр. Осыған орай, осы санда мектеп оқушыларына арналған көптеген пайдалы кеңестер, жас кәсіпкермен сұхбат, ерте жастан кәсіпкерлікпен айналысу үшін қажетті қасиеттерді қалыптастыру жайында және тағы да басқа көптеген мақалалармен таныса аласыздар.

Жаңа белестер мен асуларға толы 2017-2018 оқу жылының сіз үшін қыран болып самғап, алыстарды көздеп, биіктерді бағындыратын уақыттың болатынына



сенімім мол! Қанаттың талмасын, жас жеткіншек!

Мақсатымыз айқын, бағытымыз әрқашан анық болғай!

*Құрметпен,
журналдың редакторы
Даурен Бабамуратов*



АДАМНЫҢ АРТЫНДА ҚАЛАТЫНЫ - ІЗГІ ІСТЕРІ МЕН ҰЛАҒАТЫ



Алакөл ауданы, Қызылқайың ауылы

«Адамның артында қалатыны - ізгі істері мен ұлағаты» деген даналық бар. Сол даналықты өмірлік бағыт еткен «Жастар Үні» Жастар Қоғамдық Бірлестігі шалғайда орналасқан ауыл жастарына дәріс оқып, дұрыс өмірлік бағдар сілтеуді мақсат етіп, жолға шықты.

Алматының тас қараңғы түнінде, түнгі сағат 3:00-де, көліктер қалғып, жұрт шырт ұйқыда жатқанда, қос көлік ақырындап Алакөл ауданына бет алды. Жол жақын емес. Алматы облысының Алакөл ауданы мен Алматының арасы 450 шақырым. Алғашқы дәріс сағат таңғы 10:00-ге белгіленгендіктен әсте кешігуге болмайды. Қапшағайдың суына бір тамсанып, Талдықорғанның әдемілігіне көз тоймай, Алакөл ауданына тура сағат 9:30-да жеттік. Алғашқы ауыл - Қызылқайың. Жол жиегінен бес шақырым жерде орналасқан ауылдың әлеуеті жақсы, келбеті келісті екен. Алматы – Шығыс Қазақстан жолының бойында жатқан ауылда алма, алмұрт, өрік, жүзім, қарақат сынды жеміс-жидектің түртүрі өседі. Дәрісімізді Қызылқайың ауылының мектебінде оқыдық. Дәріске қырыққа тарта балалар жиналыпты. Әр қайсысының өз сұрақтары мен алға қойған мақсаттары бар екені анық. Алғаш болып сөзді «Жастар Үні» ЖКБ басшысы Дәурен Бадамұратов бастады. «Жақсы адам білікті кәсіпкер болу үшін ең алдымен дұрыс мамандық пен өнегелі тәрбие алу керек. Сондықтан қазіргі таңның өзінде мектеп қабырғасы беріп жатқан толағай

теңіз білімдеріңізді арттырып, мамандық таңдауға өте мұқият болыңыздар» деп дәрісіміз басталды. Дәрістің бірінші жартысы мамандық таңдауға қатысты өрбіді. Өйткені қатысушылар арасында 11 сыныпты аяқтап, үлкен өмірге қадам басқалы отырған жандар көп екен. Сондықтан жас жеткіншектердің сөзін жерге тастамайық деген ниетпен көкейдегі сұрақтарына жауап беріп, мамандық таңдауға қатысты өз кеңестерімізді бердік.

Келесі болып сөз кезегін мен және Дастан Шерехан алды. Бірі кәсіби жігерлендіруші болса, екіншісі жоғары деңгейдегі сарапшы ретінде кәсіпкерлікті бастауға қатысты тамаша тренингтер оқыды. «Кәсіпкерлікті 3 жасында бастаған канадалық Райан Росс деген баланы білесіз бе? Бүгінде жасы 13-ке келсе де, бірі компанияның басшысы. Ал енді ойланып қарайық, біз неге осы дәрежеге жетпеске?» деп жігерлендіру мысалынан бастап, артынша әлемдік және отандық деңгейде үлкен жетістікке жеткен жандардың өмірінен мысалдар келтіріп, арасында бейнероликтер көрсеттік. Дәріске қатысушылар тарапынан қызығушылық жоғары болып, сұрақтар легі толастамады.



Алакөл ауданы, Қабанбай ауылы

Ең соңғы болып сөзді Дастан Шерехан мырза алды. Ауылдық аймақта қандай кәсіп түрімен айналысуға болатынын, кәсіп ашу үшін ең бірінші не керектігін, нарықты қалай зерттеу керек, құжатты қалай реттеу керек, келіссөздерді жүргізуді қалай бастаған жөн, кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан қандай қолдау бар екендігін, арнайы бағдарламалар мен гранттар жөнінде кеңінен көсіліп мәлімет берді. Кездесу екі сағатқа созылып, аса жоғары деңгейде өтті. Дәріс соңында ауыл балаларына «Жастар Үні» журналы мен «Болашақ жасар» газеттері үлестіріліп, арнайы топтық суретке түсу рәсімі болды.

Келесі ауыл Қызылқайың ауылынан 4 шақырым жерде орналасып, тоғыз жолдың торабында жатқан Көлбай ауылы. Қызылқайың ауылы осы ауылдық округке қарайтынын да айта кеткеніміз жөн. Бұл ауылдың жастары біздің дәрісімізді асыға күтіп, ауылдық әкімшіліктің үлкен залына жиналыпты. Дәрісіміз межелі жерде, келіскен уақытта басталды. Аталмыш ауылдағы міндетімізді абыроймен орындап болғаннан кейін, Қабанбай ауылына жол тарттық.

Қабанбай ауылы керемет табиғатымен ерекшеленетін елді-мекен. Ауылда қылқан жапырақты өсімдіктер өте көп. Ауа-



Алакөл ауданы, Қызылқайың ауылы



Үржар ауданы, Үржар ауылы

сы салқын, келбеті келісті. Дәрісіміз ауылдық әкімшілікте отыз жастың қатысуымен өтті. «Көбісі осы ауылда қандай кәсіп түрін ашса болады» деген сұрақ қойып жатты. Әрине жастардың ондай ықыласы бізді қуантып тастады. Екі қолға бір күрек ұстаудың амалын іздеген жастары бар мемлекет жасай бермек. Кәсіп түбі нәсіп екенін барынша айттық, түсіндірдік, қызығушылықтарын арттырдық. Сәтті аяқталған дәрістен кейін ауылда орналасқан Қабанбай батыр атындағы мұражайға бардық. Мұражай жеті тақырыптағы залдан тұрады екен. Әрине, ең ерекшесі әрі қызықтысы ол батыр атындағы зал. Залда қазақ тарихы мен өлке табиғаты, тынысы мен тіршілігі, батырдың қару-жарағының үлгісі мен тұрмыстық заттары қойылған.

Біздің келесі бет алған ауданымыз **Үржар ауданы** болды. Шығысында айдаһар елімен шектесіп, солтүстік беткейін Тарбағатай тауы, оңтүстік қапталын Алакөлдің шипалы суы шайып жатқан қасиетті өлке. Осындай ерекше табиғаттың сыйына бөленген аймақта ерекше микроклимат та қалыптасып үлгерген. Соның нәтижесінде аталмыш өлке кәсіпкерліктің түр-түрін дамытуға аса қолайлы.

Үржар ауданына Алматы арқылы кіретін алғашқы ауыл Қарақол ауылы. Ауыл кезінде қой шаруашылығымен тек қана Қазақстанда емес, күллі Еуразия кеңістігінде атағы шыққан құтты мекен болған. Бүгінде ол атағынан айырылып қалса да, ауылда өзге де кәсіпкерліктің түрі даму үстінде. Соның бірі балық шаруашылығы. Қарақол ауылдық округі 4 кішігірім елді-мекеннің басын қосады. Сол елді-мекеннің арасында ең ерекшесі Сағат ауылы. Ауыл әйгілі Сасықкөлдің жағасында орналасып, балық шаруашылығына өте ыңғайлы. Халық табиғат ананың бұл сыйын да қалт жібермей барынша қолдануда. Ауыл халқы аулаған балығын жол жиегіне саудалап, күн кешеді. Ең қызығы ауылда ауыз су тапшылығы болғанымен, халық суды Сасықкөлден тасып ішеді екен. Естімеген елде көп деген осы шығар. Бұл Қазақстандағы, бәлкі әлемдегі суы ішуге жарамды көлдердің санаулысының бірі. Атауы ғана на-

шар демесеңіз, пайдасы ұшан-теңіз. Өйткені көл суы тек қана ішуге жарамды емес, сонымен қатар түрлі ауруларға таптырмас ем екен. Мысалы, аталмыш ауылдың халқы қақаған аязда тоңбайтыны, бұл ауылда мүлде ішек ауруымен ауыратын жандардың жоқтығы соның айқын дәлелі. Сасықкөлдің суы зерттеліп жатқанымен, әлі күнге дейін сауықтыру орталықтарын салу қолға алынбаған көрінеді. Аталмыш ауыл халқы Қарақолдағы дәріске мүмкіндігінше жастарын жіберуге тырысыпты. Қарақолдағы кездесуіміз ауылдың мәдениет үйінде өтті. Келіскен уақытта дәрісіміз басталып кетті. Ауыл жастарының кәсіпкерлікке деген сұрақтары да жетерлік болды. Көп жастар балық шаруашылығын жүйелеудің жолын сұрап жатса, енді бірі мал шаруашылығын дамытудың жолдарын білгісі келуде. Ауыл шаруашылығын дамытуда жас кәсіпкерлер асыл тұқымды қой түрін өсіріп, кезінде кеткен есені қалай қайта-



Үржар ауданы, Қызылқайың ауылы

руға болатындығын сұрап жатты.

Біздің ауыл жастары мен балаларға кәсіпкерлік тұрғысынан берген басты кеңесіміз балық шаруашылығына қатысты болды. Балық шаруашылығы болашақтың бейнесі емес дейтін жастар аталмыш дәрісімізден кейін өз райларынан қайтты. Қалайша? Дәурен Бадамұратов: «Қазір әлем бойынша балық өнімдеріне деген ұсыныс күн санап артуда. Өйткені балық етінің тек қана пайдалы емес, жүздеген ауру түрлеріне таптырмас ем екендігі де медициналық тұрғыдан дәлелденуде. Алайда әлем нарығының 95 пайызы мұхит балығын тұтынса, 5 пайызы көл балығын тұтынууда. Осы ретте көлдің балығына деген сұраныс артып тұр. Себебі өзен суында тайдай тулаған бұл балықтардың ерекшелігі де жоқ емес. Еліміздегі Балқаш көлінің балықтары бүгінде ел нарығынан әлдеқайда дамып, Еуропа асып жатқан жайы бар. Мысалы, Германия мен Чехия



Үржар ауданы, Қарақол ауылы





Үржар ауданы, Таскескен ауылы

осы көлдің балығын миллиондаған долларға алуда. Ендігі кезек Алакөл мен Сасықкөлдің балығында. Бұл сіздер үшін таптырмас мүмкіндік құрметті жастар. Ең бастысы тамаша маркетинг жасай білу. Мысалы үлкен нарыққа шықпас бұрын кіші белесті бағындыруға тиіспіз. Ол үшін ең алдымен мына сіздер саудалайтын балық өнімінен түсетін пайданы бірнеше есеге арттырудың жолын қарастырайық. Сіздер жол жиегіне тек қана балық өнімін сатуға шығып тұрасыздар. Бірақ басқа өнім түрі жоқ. Менің ойымша өнімнің өтімділігін арттыру мақсатында сіздерге балық өнімінің қасына демалатын орын асса тамаша болады. Алыс жолдан шаршап келе жатқан жүргізушілер жол жиегіне тоқтап, тамаша балықтан дәм татып, шай іше алатын мүмкіндігі бар демалыс орнына тоқтайтын еді деген ойдамын» деді. Аталмыш ой көптеген ауыл жастарына жаңа стимул сыйлағаны анық.

Біздің келесі кездесу орындарымыз Шолпан және Таскескен ауылдары болды. Таскескен ауылы КСРО кезінде жеке аудан болған. Бүгінде Үржар ауданына қарайтын аталмыш ауылда мал шаруашылығы жақсы дамыған. Таскескен құжаттық тұрғыдан Қоңыршәулі болып өзгертілгенімен, ауылдың барлық мекемесінде әлі бұрынғы атауы тұр. Кездесу кешкі сағат 18:00-де басталды. Ауылға су жаңа мәдениет үйі салынған екен. Дәрісімізге ауыл балалары мен ауылдағы колледж студенттері қатысты. Барлығы дерлік аса үлкен қызығушылық танытып, тіпті екінші мәрте келіп тағы дәріс оқуға шақырды.

Бағытымыз Үржар ауданының орталығы Үржар қалашығы-

на қарай ұласты. Жолдың екі жағы жыртылған жер, егілген астық. Тарбағатай тауы әр минут сайын жақындап, жасыл желек көздің жауын алады. Үржарға бір түн қонып, ертесінде І.Жансүгіров атындағы мектепте тамаша тренингтер өтті. Мектеп түлектерінен бастап шәкірттерге дейін барлығы үлкен таңданыспен қарсы алды. «Балалар және кәсіпкерлік» тақырыбы аталмыш ауданда өзге аудандарға қарағанда аса үлкен дәрежеде өтті. Аудан барлық жағынан кәсіпкерліктің сан түріне ыңғайлы. Тау бөктері бал шаруашылығы мен мал шаруашылығына аса қолайлы. Соның ішінде ерекшесі бал өндірісі, яғни омарталықпен айналысу. Тарбағатай тауының бөктері гүлдің сан түріне бай болғандықтан да осы шаруашылықпен айналысатын кәсіпкерлер балды Қазақстан мен шетелге экспортқа шығарып келеді. Алайда оның өзі жеткілікті деңгейде емес. Сондықтан біз аудан жастары мен балаларға осы кәсіпкерлікті дамытуға қатысты кеңестер бердік. Жасөспірімдердің басым көпшілігі: «Мал шаруашылығынан балмен айналысудың артықшылығы қандай?» деген сұрақтар қойды. Біз сондай жалынды балаларға мынадай жауап қаттық: «Мал шаруашылығы атам қазақтың негізгі кәсібі болған. Алайда, омартамен айналысудың да өз артықшылықтары бар. Үржар өлкесі соған аса қолайлы болып отыр. Сондықтан табиғи жағдайды қолдана отырып, бұл ерекшеліктерді жүзеге асыруға тиіспіз. Мысалы, араның бір артықшылығы оны бағудың, күнұзаққа артынан қарап отырудың, санаудың еш қажеті жоқ. Жаз бойы гүлден бал жинайтын араның пайдасы осында. Ал табиғи бал ешқандай қоспасыз қалалық орталықта 15 мың теңгеден басталады. Бұл үлкен табыс көзі болмаса да, балалардың да қолынан келетін кәсіп деген ойдамыз» деп жауап қатып, бизнес жоспар құрудың да өз жолдарын үйреттік. Мектеп оқушылары мен ұстаздар, аудан жастары қатысқан кездесудің соңында топтық суретке түсу рәсімі мен газет, журналдар, кітаптар тарату жүзеге асты.

Үржар ауданының орталығында ұлы бабамыз Қабанбайға жаңадан еңселі ескерткіш бой көтеріпті. Сол ескерткіш Аягөз қаласына бастайтын даңғылдың алдында тұр. Біздің келесі өлкеміз де Аягөз еді.

АСХАТ ҚАСЕНҒАЛИЕВ



Үржар ауданы, Қарақол ауылы

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ НАКОПИТЕЛЬНАЯ СИСТЕМА КАК ЭФФЕКТИВНАЯ МЕРА ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ

Государственная образовательная накопительная система - это государственная программа, направленная на поддержку населения в получении платного профессионально-технического, высшего и послевузовского (магистратура) образования.

Благодаря данной программе у каждого гражданина Казахстана появилась возможность накопить на свое обучение или обучение своего ребенка в Казахстане или за рубежом.



КАК РАБОТАЕТ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ НАКОПИТЕЛЬНАЯ СИСТЕМА

ГЛАВНОЕ ОТЛИЧИЕ ОТ ОБЫЧНОГО ДЕПОЗИТА

Как известно, кроме вознаграждения банка (14%) на образовательный накопительный депозит также начисляется государственная премия (5-7%), что является главным его отличием от других видов депозитов. Вкладчики из уязвимых слоев населения входят в приоритетную категорию и получают го-

сударственную премию в 7%, в частности, это дети-сироты, дети, оставшиеся без попечения родителей, инвалиды, дети из малообеспеченных семей и дети из многодетных семей. Остальным вкладчикам государство ежегодно начисляет 5% на всю сумму вклада с учетом вознаграждения от банка, но на сумму не более 100МРП.

Таким образом, высокая доходность данных депозитов до 21% позволяет уверенно говорить о привлекательности и целесообразности образовательных накоплений.

ПРИМЕРЫ РАСЧЕТОВ НАКОПЛЕНИЙ НА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ДЕПОЗИТЕ

5 лет	Срок депозита	10 лет
14%	Банковские проценты	14%
5%	Премия государства	5%
17 000	Ежемесячный платеж	8 500
493 794	Сумма вознаграждения банка	1 480 733
220 975	Сумма премии государства	600 360
1 020 000	Личные взносы вкладчика	1 020 000
1 717 769	Общая сумма накоплений	3 084 093

Государство ежегодно начисляет на общую сумму образовательного накопительного депозита гом.премию в размере 5-7%

5-7%

Депозиты открываются в банках-участниках системы ГОНС. Банк ежемесячно начисляет вознаграждение в размере 14%

От 14%

Данные депозиты имеют доходность в размере до 21%

До 21%

Государство





Минимальный первоначальный взнос для открытия депозита 3 МРП (6807 тенге в 2017 году)

от 3 МРП

Есть возможность оформить образовательный кредит под гарантию государства при накоплении половины суммы обучения

50%

Максимальный срок начисления государственной премии – 20 лет

20 лет

Накапливая средства на образовательном накопительном депозите, вкладчик может существенно сэкономить на расходах на обучение благодаря капитализации банковского вознаграждения и государственной премии.

Другими словами, государство фактически берет на себя оплату заметной части расходов на образование.

ЧТО ЕЩЕ НУЖНО ЗНАТЬ ОБ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ НАКОПИТЕЛЬНЫХ ДЕПОЗИТАХ

Частота пополнения счета выбирается самим вкладчиком. Открытие счета возможно сразу после рождения ребенка. При этом максимальный срок накопления составит 20 лет.

В случае получения гранта, все накопленные средства можно снять, перевести на другого ребенка или накапливать далее.

Для открытия депозита достаточно иметь при себе удостоверение личности и свидетельство о рождении ребенка.

Можно быть уверенным в сохранности депозитов на сумму до 10 млн. тенге, т.к. они гарантируются Казахстанским фондом гарантирования депозитов



Можно быть уверенным в сохранности депозитов на сумму до 10 млн. тенге, т.к. они гарантируются Казахстанским фондом гарантирования депозитов

Еліміздің шалғай аудандарында тұрып жатқан ауыл жастарының қалалық құрдастарына қарағанда көптеген дүниелерден шет қалып жатқаны белгілі. Не себепті мұндай жағдайдың орын алып отырғаны айтпаса да түсінікті. Дегенмен, ауыл жастарына қажетті ақпаратты жеткізу, көкейлерінде жүрген сауалдарға жауап қату мақсатында Дәурен Бабамуратов бастаған «Жастар Үні» Жастар Қоғамдық Бірлестігі «Балалар және кәсіпкерлік» жобасы аясында 7 облыс пен 35 астам ауылдарға барып, семинар-тренингтер ұйымдастырды. Бұл жайында сөзімізді ары қарай өрбітсек.



**ДӘУРЕН БАБАМУРАТОВ:
«КӘСІПКЕРЛІК ЖАЙЫНДА
БІЛІМ БЕРУ КЕРЕК»**

- Дәурен Абутәліпұлы, сіздің ұйым «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының» КЕАҚ мемлекеттік гранты бойынша ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің қолдауымен «Балалар және кәсіпкерлік» жобасын жүзеге асырып келеді. Аталған жобадан «Болашақ» РҚ мен «Жастар Үні» ЖҚБ көздеген мақсаты қандай? Неге сіздер осы жобаға бел будыңыздар?

- «Балалар және кәсіпкерлік» жобасы «Болашақ» РҚ мен «Жастар Үні» ЖҚБ үшін өте маңызды. Біз соңғы 5 жылда «Ауыл шақырады» акциясы аясында талай облыстар мен елді-мекендерді, талай ауылдарды араладық. Мұндағы басты мақсатымыз шалғай ауылдарда тұрып жатқан ауыл балалары мен жастарына белгілі бір мөлшерде ақпарат, білім мен ғылым жеткізу, кітаптар тарату, мүмкіндігінше олардың идеяларын жүзеге

асыруға көмектесу. Бұл «Болашақ» РҚ мен «Жастар Үні» ЖҚБ жарғылық мақсаттарының бірі. Қызметімізді бастаған күннен бастап тікелей жастармен жұмыс жасап келеміз. Әсіресе, аймақтардағы ауылдың жастарымен. Осы жоба бойынша байқауға қатысу кезінде осыны түсіне отырып, арнайы, саналы түрде дәл осы бағытты таңдаған болатынбыз. Бұл жерде кездейсоқтық жоқ.

- Жоба бойынша жүзеге асырылып жатқан іс-шаралардың бірі еліміздің ауыл балалары мен жастарына кәсіпкерлік жайында семинар-тренингтерді өткізу. Осыған орай сіздер үлкен сапар жасадыңыздар. Қандай аймақтарда болдыңыздар? Дәл осы аймақтардың таңдалуына не себеп болды?

- Ия, біз ауыл жастары мен балаларына арнап семинар-тренингтер ұйымдастыру үшін еліміздің 7 облысы, 10 ауданы мен 35 ауылына сапар шектік. Баратын елді-мекендердің тізімін жасау барысында бірінші кезекте олардың облыс және аудан орталықтарынан шалғай орналасуына мән бердік. Қазақстанның жері, әрине, кең, ауқымды. Барлық жерді бір жобаның аясында бір жаздың ішінде аралап шығу



Қарақаралы ауданы, Егіндібұлақ ауылы



мүмкін емес. Сол себептен біз Орталық, Солтүстік Шығыс, Шығыс, Оңтүстік Қазақстан бөлігін алдық. Ең алдымен Алматы облысының екі ауданы – Райымбек пен Алақөл аудандарына жол тарттық. Одан кейін Шығыс Қазақстан Облысының үш ауданы – Тарбағатай, Аягөз, Үр-жарға бардық. Жол талғамайтын көліктермен ешқандай жол жоқ Аягөз бен Қарқаралы арасындағы 505 шақырымды жүріп өттік. Осылайша Қарағанды облысының Қарқаралы ауданына келдік. Ары қарай Павлодар облысының Баянауыл ауданына өтіп кеттік. Мұнда да аудан орталығынан 70-80 шақырым алыс жатқан ауылдарға жол тарттық. Мұнан кейін Қазақстанның Оңтүстік аймақтарына сапарымызды жалғастырдық. Қарағанды, Балқаш арқылы Алматыға бір келіп, одан ары қарай Жамбыл облысына қарасты таудың бөктеріндегі ауылдарға емес, Мойынқұмда жатқан Сарысу ауданына жеттік. Ары қарай бетпақ даланы бойлай отырып Оңтүстік Қазақстан облысының солтүстігінде теріскей жатқан Созақ ауданының араладық. Ең соңында Қаратаудың күнгейінде жатқан Кентау, Түркістан қалаларында болып, Қызылорда облысының Жанақорған ауданына соңғы семинар-тренингтерімізді өткіздік.

- Кездесу барысында ауыл жастарының сіздерге деген ықыласы қандай болды? Жалпы ауыл жастары туралы айтып берсеңіз.

- Ауыл қашанда қазақтың алтын бесігі болып келді. Біздің ұлттық дінгеіміз әлі күнге дейін ауылда. Қазақ осы күнге дейін дәстүрлі қоғамда өмір сүріп келеді.



Біз үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсеткен халықпыз. Міне, осының барлығы біздің ауылдарда сақталған. Ең бастысы біздің ауылдарда қазақылық, қазақы менталитет, қазақы түсінік әлі де сол күйінде қалып, қажет десеңіз қазақы аңқаулық пен аңғалдық та бар. Ауылдың жастарына пәктік, тазалық тән. Жасампаздық жоқ, шынайлық көп. Олар білімге құштар, орасан биіктерге шығуға дайын. Тек мүмкүндік беру керек. Қандай мүмкүндік деген сұрақ туындауы мүмкін. Менің түсінігімде ол – білім. Яғни, біз ауылдағы жастарға тиесілі білім мен ақпарат беретін болсақ, олар біздің тәуелсіз Қазақстанымызды биікке шарықтатып, алдағы уақытта еліміздің ғарыштап қанат жаюына жағдай жасары сөзсіз. Сондықтан ауылдың жастарына ең біріншіден білім беру керекпіз.

Бастапқы сөзімде айтып кеткендей олар білімге құштар, жаңа ақпараттарды қанып тындайды. Бірде бір ауылда біздің әкелген ақпаратымызға, кітаптарымызға бей жай қараған жастар жоқ. Барлық елді-мекендерде жастар бізді ұйып тындады деп айтуға болады. Қалалық жерде оны байқай да, көре де бермейсің. Ауыл жастарының негізгі айтатыны ойларында түрлі қоғамдық бастамаларды қалай жүзеге асыру керектігін білмеулерінде. Сондықтан оларды өз идеяларын іске асырудың әдіс-тәсілдерін үйрету керек. Сапар барысында әр ауылға 2-3 күн ғана уақыт бөлінде. Ол аздық етеді. Мүмкін болатын болса, әр ауылға 1-2 аптадан уақыт арнап, сол ауылдың жастарымен газеттер шығарып, қойылымдар түсіріп, жастармен кез-келген бастамасын жүзеге асырып көретін болсақ, бұл әрине, нұр үстіне нұр болар еді. Сондықтан алдағы уақытта бұл жоспарлар біздің ойымызда бар.

- Сапарларыңыздың басты мақсаты балалар мен жастарды кәсіпкерлікке баулу, ол туралы ақпарат беру екен. Осы бағытта не айтасыз? Қазақтың баласының кәсіпкерлікке деген көзқарасы қандай? Алдағы уақытта бұл қалай даму керек деп ойлайсыз?

- Өте орынды сұрақ. Біздің ауылдың жастары білімге өте құштар, үлкен жетістіктерге жетуге құмар. Бірақ кәсіпкерлікке келген кезде кенжелеп қалған жағдайымыз бар. Өкінішке қарай ауылдың жастары мүлдем кәсіпкерлікке бейімделмеген. Кәсіпкерліктің не екендігін, оны неден бастап, қалай іске асыру керек екендігін, не істеу керектігін, оған



Тарбағатай ауданы, Көкжыра ауылы



Қарақаралы ауданы, Егіндібұлақ ауылы

тиісті білім алу керектігін біле бермейді. Ірі қалаларға жақындаған сайын сөзсіз кәсіпкерлікке қатысты білім де, ақпарат та көбейе бастайды. Алайда шалғайдағы қазақтың ауылдарының қыз-жігіттері кәсіпкерлікке қатысты ақпараттан жұрдай. Бұл жағдайды өзгерту үшін, менің ойымша, ең болмағанда факультатив ретінде бірінші сыныптан бастап кәсіпкерлік туралы білім беру, оның негіздеріне үйрету керек. Кәсіпкерлік жайында білім беру дегеніміз алып сатарлық, қулық, жамандық емес. Ол кәсіптің бастауы туралы ілім. Мәселен, өндіріс дегеніміз міндетті түрде зауыт-фабрикаларда жұмыс жасау емес. Есіктің алдында шөп орып сатсаң да, ол өндіріс болады. Қызмет көрсету дегеніміз біреуден төмен болу, біреуге кіріптар болу деген сөз емес. Қызмет көрсету деген адал еңбек, біреудің шашын қиып берсең де, үйін жинап берсең де, баласын бағып берсең дет – мұның барлығы қызмет. Сондықтан мұның барлығын ауыл жастарына жеткізіп, үйрету керек. Ал оны жүйелі түрде үйретпесек, тиіп-қашып үйреткеннен пайда шамалы. Ауылдың жастары 5-6 сыныпқа барғанда кәсіпкерліктің қыр-сырын толыққанды меңгеру керек деп ойлаймын. Себебі мектеп бітірген 10 баланың 9-ы кәсіпкерлікке барады екен. Ауылдың баласы Ай мен Күннің арасындағы қашықтықты білмесе де, кәсіпкерліктің не екендігін білуі шарт. Алыстағы Американың астанасы мен саяси жүйесін білудің қаншалықты маңызы бар екендігін білмеймін, бірақ кәсіпкерліктің, қызмет көрсете білудің пайдасы маңызы орасан зор. Соны ескеруіміз керек. Осы бағытта жұмыс жасауымыздың себебі осында. Біз оған қазірден бастап ден қою керекпіз.

- Жоба аясында сіздер әлеуметтік сауалнаманы да қолға алған екенсіздер. Нәтижелері қандай? Не күтесіздер?

- «Балалар және кәсіпкерлік» жобасы аясында біз екі республикалық әлеуметтік сауалнаманы қолға алып отырмыз. Бірінші сауалнама балалардың кәсіпкерлікке деген қарым-қатынасын анықтауға бағытталған. Бұған республикамыздың 14 пен 18 жас аралығындағы жастары қатысады. Балалар мен кәсіпкерлік жайында сөз қозғаған кезде күр бос сөз болмауы керек, керісінше нақтылық қажет. Нақтылық осындай ғылым зерттеулермен келеді. Бір зерттеудің өзінде 40 астам сұрақтар қамтылған. Бала үшін бұл әрине жеңіл емес. Бірақ оны жасау міндетті түрде қажет. Себебі оның осы бағытта мардымды шешімдер қабылдау кезін-

де маңызы үлкен болмақ. Әлеуметтік сауалнаманың нәтижесі бойынша тиесілі органдарға ұсыныстар береміз. Бәлкім әлеуметтік сауалнаманың қорытындысы арқасында кәсіпкерлік туралы жаңа факультатив сабақ еніп те қалар.

Екінші әлеуметтік сауалнама балаларға арналған өнімдерге мониторинг жасау мен олардың бос уақытының қалай ұйымдастырылатынын анықтауға бағытталған. Бұған мемлекеттік қызмет, білім беру мен денсаулық сақтау, СЭС сынды салалардың арнайы мамандары қатысады. Қазан айының алғашқы күндері екі сауалнама бойынша есеп жасалып, көпшілікке ұсынылады.

- Алдағы уақытта бұл жобаны ары қарай жүзеге асуы мүмкін ба? Осыған қатысты жаңа идеяларыңыз бар ма?

- Сөзсіз идея бар. «Азаматтық бастамалар қолдау орталығы» КЕАҚ келер жылы осы бағытта тағы да жаңа жобаларды іске асыратын болса, міндетті түрде қатысу ойымызда бар. Келер жылы Солтүстік және Батыс Қазақстанның шалғай ауылдарын араласақ деп отырмыз. Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстары бізді күтуде. Атқарылып жатқан жұмыстар нәтижелерін беруде. Сондықтан жоба мұнымен аяқталмайды.

- Сұхбатыңыз үшін рахмет!

Қанат БАЙҰЗАҚОВ



Баянауыл ауданы, Лекер ауылы



7 СОВЕТОВ. КАК ДОБИТЬСЯ ПОЗИТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ И ПРИУСПЕТЬ В ЖИЗНИ

От того насколько вы позитивны и счастливы, зависит напрямую от того насколько вы позитивный человек, чем от другого фактора. Правильное влияет зависит на здоровье и энергию. Если вы едите разнообразные и полезные продукты высокого качества, а так же избегаете вредной пищи, то у вас будет больше энергии. Ваш организм будет устойчив к большинству болезней, вы будете лучше спать, а также чувствовать себя гораздо здоровее и счастливее.

Таким же образом умственное питание в значительной степени определяет ваш характер, индивидуальность и практически все, что происходит с вами в жизни. Когда вы насыщаете свой ум позитивными идеями и информацией, книгами, беседами с положительными людьми, то развиваете более позитивную и конструктивную личность, становитесь влиятельнее и убедительнее, приобретаете большую уверенность в своих силах, повышаете чувство собственного достоинства. Умственные упражнения сравнимы с физическими. Вы развиваете высокую самооценку и положительный психический настрой при помощи обучения и практики. Вот 7 советов, которые будут вам полезны, чтобы помочь вам стать абсолютно позитивным человеком.

1. Позитивный внутренний диалог

Разговаривайте с собой в позитивном ключе, контролируйте свой внутренний диалог, пытайтесь использовать положительные и жизненные утверждения, сказанные в настоящем времени. Например, проговаривайте про себя такие фразы «Я это сделаю», «Я люблю себя», «Я прекрасна себя чувствую», «Я ответственный». Это то, как мыслят успешные люди большую часть времени. Психологи утверждают, что 95% эмоционального настроения определяется тем, что мы говорим о себе в течение всего дня. Это называется внутренним диалогом. Это поток мыслей и чувств, которые возникают в течение дня и как река протекают через ваш разум. Если вы сознательно не говорите с собой в позитивном и конструктивном ключе, то можете автоматически начать думать о вещах, которые сделают вас несчастны-

ми и заставят волноваться и беспокоиться. Помните ваш разум не вакуум. Он никогда не остается пустым. Если вы не заполняете его положительными мыслями, то он заполняется отрицательными. Ваш разум сходен саду. Если целеустремленно не возвращать в этом саду цветы, то в нем машинально будут прорасти сорняки. Если ваши мысли не позитивны, и вы не можете их контролировать, то отрицательные мысли будут появляться в вашей голове сами собой.

2. Позитивная визуализация

Наверное, наиболее мощная способность, которой вы обладаете - это способность визуализировать и видеть свои поставленные цели как уже достигнутые. Представьте жизнь так, как будто она уже идеальна и гармонична. Чтобы этого достичь создайте положительную картину ваших задач, ваших целей и вашей идеальной жизни. И воспроизведите это изображение в вашем разуме постоянно. Правило заключается в том, что все положительные тенденции вашей внешней жизни начинается с изменения в лучшую сторону ваших внутренних картинок. И только вы полностью контролируете то, что находится в вашей голове. Каким человеком вы представляете себя внутри себя, таким вы станете и внешне, и такими же будут ваши достижения.

3. Позитивные люди

Выбор общества, в котором вы проживаете, общаетесь и совместно работаете, влияет на ваши эмоции и успех больше чем другие аспекты. От них зависит ваш внутренний диалог и ваши мысленные образы. Избегайте негативных людей всеми силами. Негативные люди - это основной источник несчастья в вашей жизни.

4. Положительная умственная пища

То, как здоровье вашего тела зависит от того едите ли вы здоровую и полезную для организма пищу, так и здоровье вашего ума зависит от того каким ментальным белком, а не психическими конфетами вы его кормите. Читайте книги, литературу и статьи, которые являются обучающими, вдохновляющими или мотивирующими. Питайте свой ум информацией и теми идеями, которые будут вас вдохновлять. Слушайте позитивные и конструктивные компакт-диски в своем автомобиле. Смотрите положительные и учебные DVD диски, образовательные программы, онлайн курсы и многие другие, мотивирующие и обогащающие материалы, которые увеличивают ваши знания и заставляют вас чувствовать себя хорошо. Каждый раз, когда вы обучаетесь чему-то новому, ваш мозг вырабатывает эндорфины, которые называют природными



Тарбагатай ауданы, Қызылжесек ауылы

стимуляторами счастья.

5. Положительное обучение и развитие

Многие в нашей жизни начинают с ограниченными средствами. А порой и без денег вообще. Практически любое богатство начинается с оказания каких либо услуг. Многие люди, которые достигли вершин сегодня начинали с нуля. Формальное образование, которое мы получили в учебных заведениях, позволит вам зарабатывать на жизнь, а самообразование сделает вас богатыми. Когда вы посвятите себя учебе, саморазвитию и росту, становясь лучше и эффективнее в своих мыслях и действиях, то сможете полностью контролировать свою жизнь и резко увеличить скорость, с которой вы стремитесь вверх к новым вершинам.

6. Позитивные и здоровые привычки

Заботьтесь о своем физическом здоровье. Хорошее и сбалансированное питание плюс регулярные физические упражнения сразу окажут благоприятное действие на все ваши мысли и чувства. Живя в этом загруженном мире, постарайтесь находить время для отдыха и релаксаций. Вы должны регулярно заряжать себя. Особенно это важно когда вы подвергаетесь влиянию стресса или трудностей. Ищите в своей жизни баланса между работой и отдыхом.

7. Позитивное ожидание

Это самый мощный метод, который вы можете применять для того, чтобы стать более позитивной личностью и обеспечить положительные исходы и наилучшие результаты в жизни. Ваши ожидания становятся вашими собственными пророчествами. Ожидайте того, что станете успешными. Ожидайте того, что станете популярными. Ожидайте того, что достигните больших целей и создадите прекрасную жизнь для себя. Когда вы постоянно ожидаете чего-то хорошего, то редко бываете разочарованными.

Источник www.poznaysebia.com



Жаңақорған ауданы, Манап ауылы



МҰХИТ АСҚАРУҰЛЫ: жас кәсіпкер

«...ИДЕЯ ПАЙДА БОЛСА, ЕҢ АЛДЫМЕН ТӘУЕКЕЛГЕ БЕЛ БУЫП, ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ – ЖОҚ ПРОБЛЕМАНЫ ЖАСАП ШЫҒАРҒАННАН МАҢЫЗДЫРАК»

Соңғы жылдары әлемде «стартап» сөзі кең етек жайды. Әуел баста бұл ұғым бизнес-модельдерді құрып, дамыту үшін құрылатын уақытша құрылымдар болса, қазіргі уақытта бұл дәстүрлі бизнестің орнына келген алапат күшке айналып отыр. Бүгінгі стартап – жастардың потенциалдарын шындайтын, оларға зор мүмкіндіктер беретін алаң. Идея, қаржы, сарқылмас күш-қуат, қарым-қатынас, батылдық пен жігерлік, уақытты тиімді пайдалана білу – бұлардың барлығы стартаппен айналысатын жастардың бойында бар қасиеттер. Мұндай жастардың бірі – Мұхит Асқарұлы. 19 жасында өз кәсібін бастап отырған жас кәсіпкермен сұхбат барысында толығырақ таныс болайық.

- Мұхит, оқырмандарымыз үшін алдымен өзіңді таныстырып өтсең...

- Менің аты-жөнім Мұхит Асқарұлы. 1998 жылы дүниеге келдім. Қазіргі

уақытта Алматы мемлекеттік энергетика және электронды технологиялар колледжінің төртінші курс студентімін. Осы жылдың басында «Qazaqstan watches» деген атпен онлайн сағаттар дүкенін ашып, нәтижесінде 150-ге жуық сағат өз иесіне жол тартты.

- Қазіргі уақытта сен жас кәсіпкер ретінде өз кәсібіңді бастап отырсың. Осы бағыттағы кәсіпкерлікті бастау идеясы қалай пайда болды?

- Менің ойымша идея пайда болған сәт-



те ғана өз өзектілігін сақтайды. Таяқтың екі ұшы болатыны сияқты идеяның да кемшіліктері болмай қоймайды. Көп жағдайда сол тың ойдың артықшылықтарына аса мән бермей, кемшіліктермен көміп алып жатамыз. Сондықтан мен идея пайда болса, ең алдымен тәуекелге бел буып, оны жүзеге асыру – жоқ проблеманы жасап шығарғаннан маңыздырақ деп есептеймін. Бірде достарымызбен әңгіме үстінде бизнес жайында сөз қозғап отырғанымызда басыма: «Неге бизнес пен патриотизмді ұштастырмасқа?» - деген ой келді. Дәл сол күні үйге оралған сәттен бастап осы идеяны жүзеге асыруға кірістім.

- Сенің кәсібіңнің өзіне тән қандай ерекшелігі бар? Халық назарын өзіне қалай аудартасың?

- Әлбетте, кәсіп ашқаннан кейін нарықтағы бәсекелестікке төтеп беру үшін ерекшеліктер міндетті түрде керек болады. Біздің сағаттардың басты артықшылығы бағасының қалтаға ауыр соқпайтындығында. Сонымен қатар сапасы өте жақсы деп нық сеніммен айта аламын, себебі қазіргі күнге дейін сатылған бірде-бір сағат кері қайтқан емес.





Бастысы - тұтынушының көңілінен шықса болғаны. Заман қаншалықты қатты өзгергенімен интернет-дүкендерге сенім артатындар саны әсіресе ауылды жерлерде айтарлықтай артып отырған жоқ. Сол себепті шілденің айында Алматы облысы, Райымбек ауданы, Кеген ауылында алғашқы офлайн бутигімді аштым. Қазіргі таңда жарнама жұмыстарына аса мән бере бастағаннан кейін сұраныс та арта бастады.

- Елімізде жас кәсіпкерлерге арнап қандай мүмкіндіктер жасалып жатыр? Олардың саған тиген пайдасы бар ма?

Қай кезде де ел дамуындағы жастардың рөлі басым екені белгілі. Мемлекеттік жастар саясатының әлеуетінің дәрежесін қазіргі жүзеге асырылып жатқан жобаларға қарап-ақ байқауға болады. Сол жобалардың бірі – ҚР Дін істері және

азаматтық қоғам министрлігінің тапсырысымен «Қазақстан Жастарының Конгресі» колға алған «Өңіраралық жастар бизнес тағылымдамалары» осы уақытқа дейінгі мен қатысқан ең алғашқы бизнес-тағылымдама болды. Жоба бойынша Талдықорған қаласындағы өз саласында жетістікке жете алған кәсіпкерлермен тікелей сұхбаттаса алдық. Сонымен қатар нақты жүзеге асып жатқан жас кәсіпкерлердің жұмыс орындарын, толықтай жұмыс процесін өз көзімізбен көре алдық. «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлікті Қолдау Палатасының Алматы облыстық филиалына шағын экскурсия жасап, кәсібімізді жандандыру үшін мемлекеттен нақты қандай көмек ала алатындығымыз туралы білдік. Жобадан алған әсерім өте керемет. Осындай жобаға қатысып, мемлекетіміздің кәсібімді ашамын деген жастарға көмегінің орасан зор екенін түсіндім.

- Ел болашағы – қазіргі жастарды қалай бағалар едің?

- Қазіргі жастар еңбекқорлық пен әр саладағы білімдерінің арқасында шынымен де еліміздің дамуына зор үлес қосатыны сөзсіз. Бастысы өмірлік мақсаттарын дұрыс қойып, жүрегі қалаған жұмыспен немесе кәсіппен айналысса болғаны. Себебі адам істегенде ләззат алатын жұмыс хоббиге айналады.

- Оқырмандарға арналған қандай



тілек айтар едің?

- Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Тәуелсіз Қазақстанның көк туын желбірететін жастарымыз аман болсын!

- Өз тәжірибең мен пікіріңмен бөліскеніңе рахмет!

Сұхбаттасқан

Айгерім Абдрашитова





КӘСІПКЕРЛІК ҰҒЫМЫ

Кәсіпкерлік адам қызметінің ерекше саласы және ол еңбектің басқа түрлерінен оқшауланып тұрады. Бұған кезінде атақты неміс экономистісі, Гарворд профессоры Иозиф Шумпетер (1883-1950жж) мән берді. Оның айтқан мынадай сөзі эпиграф болып саналады «Кәсіпкер болу – басқаның істегенін істемеу».

Екінші жағынан алдымен кәсіпкерлік жұмысты ұйымдастырушылар. Ол туралы француз экономисі Жан Батист Сей (1767-1832жж) былай деген «Кәсіпкер — адамдарды өндірістік шеңбер ауқымында ұйымдастыратын адам».

Кәсіпкерлік терминін алғашқы рет ағылшын экономисі – Ричард Контильон (1650-1758жж) енгізді. Бұл ұғымға ол нарықтық тәуекелділік жағдайында табыс алу мақсатымен өндірісті ұйымдастырудағы адам белсенділігін жатқызады.

Экономикалық әдебиеттерде кәсіпкерлік пен бизнес ұғымдарын балама түрінде қарастыру жиі кездеседі. Бизнес пен кәсіпкерлік жақын ұғым болғанмен, оларды бір-бірімен баламалап, теңестіріп қарауға болмайды. Бизнес – табыс әкелетін кез келген қызметтің түрі. Рас, бизнес кәсіпкерлік қызметпен тығыз байланысты. Кәсіпкерлік – новаторлық іс. Нағыз кәсіпкер – ол өнертапқыш. Сондықтанда бизнеспен айналысатын адамдар, осы көзқарас тұрғысынан ешуақытта кәсіпкер бола алмайды. Нарық жағдайында кәсіпкерлік қызмет көп нышанда болады. Оларды мына түрге бөлуге болады:

1. Маштабы бойынша: шағын, орта, ірі кәсіпкерлік.

2. Кәсіпкерліктің субъектілері бойынша: кәсіпкерліктің субъектілері экономикалық қызметтің әр түрлі қатысушылары – жеке тұлғалар, келісімшарт міндеттемелерімен, ортақ экономикалық мүдделерімен, біріккен адамдар тобы, яғни ұжымдық кәсіпкерлік, серіктестік, кооперативтер, акционерлік қоғам, холдингтер және осыған тәріздес мемлекеттік кәсіпкерлер бола алады.

Кәсіпкерлік – бұл шаруашылық жүргізудің әдісі және өз бетімен жұмыс істеуге негізделген экономикалық ойлаудың ерекше типі. Кәсіпкерлікті дамытудың басты сәті нарық экономикасында бәсекелестік отанын құру үшін ғана емес, сонымен қатар еркін кәсіпкерлік үшін жол ашатын мемлекет иелігінен алу мен мемлекеттік меншікті жекешелендіру болып табылады. Әр бір заттың немесе құбылыстың өзіне тән даму және қалыптасу тарихы бар. Сол тәрізді кәсіпкерліктің даму тарихы талай ғасырларды қамтиды. Дегенмен қазіргі түсініктің орын алуы капитализмнің қалыптасу және даму кезеңіне сай келеді. Буржуазиялық саяси экономияда кәсіпкерлік түсінігі XVIII ғасырда пайда болды, сонымен қатар «меншік иесі» деген түсінік алды.

Кәсіпкерліктің даму тарихы 4 бағытта дамыды:

1 – бағыт. Кәсіпкерлікті тәуекелдікпен байланыстырды. Бұл бағыттың негізін салушысы болып француз экономисі – Ричард Контильон болып саналады.

Ол мынадай шешімге келеді: «Кәсіпкер болашақтағы мүмкіндіктерді болжап, өзіне табыс табу мақсатында мүмкіндіктерді жүзеге асырады. Сұраныс пен ұсыныс қатынасын ескере отырып, кәсіпкер тауарды арзан бағаға сатып алып, қымбат бағаға сатады».

2 – бағыт. Ж. Сей мен А. Маршалдың көзқарастарымен байланысты. Олардың ойынша өндірістік факторлардың бірі рационалдық комбинацияны жүзеге асыру және қалыпты кәсіпкерлік табыс табу.

3 – бағыт. Кәсіпкерлік теориясын құрудағы негізгісі мен перспективалық бағыт. Бұл бағыттың негізін салушы Шумпеттер. Егер шаруашылық субъектілері жаңа комбинацияны жүзеге асырмаса, ол кәсіпкер болып саналмайды. Кәсіпкерлік функцияларын мынадай адам ғана жүзеге асыра алады. Егер ол сезімтал, инновациялық өзгерістерге икемді адам болса, жаңалықты таба білетін, оның нәтижесін тиімді қолдана білетін тұлға.

4 – бағыт. Бұл бағыттың негізін салған адамдар П. Дюркер, В. Санто олар кәсіпкерлікті менеджментпен тығыз байланыстырады. Кәсіпкерлік пен менеджмент бірін-бірі толықтырып тұрады және құрамдас бөлігі болып табылады. Менеджмент көбінесе кәсіпорынның қызмет көрсету саласына көп көңіл бөледі және кәсіпкерліктің басқару стилін нығайтады.

Дереккөз: malimeter.kz



ЖЕКЕ КӘСІПТІ БАСТАУҒА НЕ КЕДЕРГІ БОЛАДЫ?

Бүгінде өз кәсібін бастағысы келмейтін адамдардың саны кемде-кем. Әдетте, бұл туралы көбісінің армандағанымен, тек аздағаны оны жүзеге асырады. Шын мәнінде, оның себебі мүмкіндіктердің жетіспеушілігінде емес, түрлі сылтауларды іздеуде ғана.

ЖАСЫҢЫЗДЫҢ КІШІ БОЛУЫ

Жас кәсіпкерлердің көпшілігіне бұл кедергі емес. Сіз жас болған сайын күш-қуатыңыз бен әлеуетіңіз сол ғұрлым арта түседі.

ТӘЖІРИБЕНІҢ ЖОҚТЫҒЫ

Егер сіз ешқашан өз кәсібіңізді ашуға тырыспасаңыз, тәжірибені де еш жерден ала алмайсыз. Бос отырғаннан тәжірибе жинақталмайды.

ЖАҒЫМСЫЗ ТӘЖІРИБЕНІҢ БОЛУЫ

Жағымсыз тәжірибе – ол да бір нәтиже! Сіз бастапқыда жіберген қателіктерді ескере отырып, алдағы уақытта оларға жол бермеуге тырысасыз. Атақты кәсіпкер Генри Форд «сәтсіздік – бар-

лығын әлдеқайда ақылмен ойланып қайта бастау мүмкіндігі» деп айтқан.

МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСАР- ДЫҢ БОЛМАУЫ

Өз кәсібін ашам деген адамдар үшін бұл да кедергі емес. Әрине, бұл жерде бастапқы капитал қажет. Қаражат табудың бірнеше жолдары бар: жинақтау, несиелену секілді. Статистикалық мәлімет бойынша 5 миллионердің 4-еуі бұл атаққа өз күштерімен жеткен. Қаржы жетпеген жағдайда еңбек етіп жинауға болады.

«ТҰРАҚТЫ» ЖҰМЫС

Жеке кәсіптің тұрақты жұмысқа қарағанда тәуекелі көп. Бірақ «тұрақты» жұмыста сіз өзгелерге қызмет етесіз,

кез келген уақытта жұмыстан шығарылғандардың қатарында болуыңыз да ықтимал. Нағыз тұрақтылық – сіздің тұрақты кіріс көздеріңіздің болуы. Ал ол өз кәсібіңіз болған кезде мүмкін болады.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫС

Қызметін енді бастап келе жатқан кәсіпкер үшін дағдарыс - кедергі де, сылтау да емес. Себебі бұл кезде нарықта бәсекелестердің саны азая түседі.

Жаңа кәсіпті бастау сізден бұл іске толыққанды берілуді талап етеді. Нәтиже тек нақты қызмет жасау барысында ғана пайда болады. Барлығы сіздің қолыңызда!

Дереккөз: www.poznaysebia.com

УЧИМ В ШКОЛЕ – БЕРЕМ В ЖИЗНЬ



Куда бы мы ни шли, что бы не делали, с кем бы не встречались, полезно помнить некоторые уроки, которые преподавали нам всем в школе.

УРОК № 1. ПОДАТЬ СЕБЯ

Вспомните, как в младших классах учились чистописанию. Учитель зорко следил, чтобы работы в тетради оформлялись правильно и аккуратно, без помарок и зачеркиваний. Так ребенку прививался опрятный почерк, и прилежные ученики держали свои записи в чистоте.

Для взрослого человека не менее важно красиво подать себя в жизни. Первое впечатление – самое правильное. Как человек себя преподнесет, такое к нему отношение и в дальнейшем. Люди, прежде всего, обращают внимание на обличье или форму, обходя содержание. Поэтому, посещая собеседования, выходя на работу в новый коллектив, встречаясь с партнерами, следите за внешним видом, чтобы выглядеть на все 100%.

Если же вам требуется написать коммерческое письмо партнеру или покупателю – без аккуратной и грамотной подачи не обойтись.

В бизнесе визитная карточка – это лицо человека. Профессионально оформленная визитка лучше запоминается и отличает вас от конкурентов.

От подачи себя или вашей работы, во многом зависит деловой успех или даже личная жизнь.

УРОК № 2. ТИШИНА НА УРОКЕ

Кто не помнит это «грозное» предупреждение учителя, которому нужно было, чтобы дети сконцентрировались и поработали на уроке самостоятельно. В тишине некоторые люди лучше сосредотачиваются, тогда и решить проблему или важную задачу могут результативнее и быстрее.

В итоге повысится производительность труда. Попросите коллег не отвлекать вас, отключите телефон или уединитесь на это время.

**УРОК № 3. ПОДНИМАЕМ РУКУ**

Если преподаватель во время уроков задавал вопрос, то ученики поднимали руку и ждали, пока спросят, а не выкрикивали ответы с места. Чтобы тебя выслушали, нас учили слушать других.

Становясь взрослыми, почему-то об этом забываем и, порой, некрасиво и не к месту перебиваем собеседника. Необязательно ведь тянуть руку вверх, когда хотите что-либо сказать, но принципы

участия в беседе каждого присутствующего нужно сохранять.

Участвуя в собрании, мозговом штурме или в научно-исследовательской группе, убедитесь, что громким голосом вы не заглушаете более тихих коллег. Будучи руководителем, оставайтесь благодарными и давайте слово застенчивым и стеснительным работникам, чтобы они не чувствовали себя обделенными и тоже имели шанс высказаться и проявить себя.

УРОК № 4. ДОМАШНЕЕ ЗАДАНИЕ

Согласитесь, дети не горят желанием делать дома уроки, но задание должно быть выполнено и сдано на проверку, иначе обеспечена плохая оценка либо дополнительное занятие после уроков. Поэтому сидят, кричат, но делают.

У взрослых нет мотивации в виде учителя, который объяснил бы, что поставленные задачи нужно выполнять вовремя, пусть даже рутинные и скучные, а не откладывать решение на завтра или с понедельника. От этого зависит успех в бизнесе или в научных разработках.

Мониторите ли рынок для составления бизнес-плана, готовите речь в суде, разрабатываете проект, относитесь к делу серьезно и ответственно. Мотивируйте себя, установите и контролируйте крайние сроки для выполнения работы, перенесите некоторые личные дела или встречи.

УРОК № 5. ПЕРЕМЕНА

Важно, чтобы дети между уроками расслабились и перекусили, отдохнули или поиграли на свежем воздухе, спокойно приготовились к следующему занятию.

Для студентов или самостоятельно занятых людей это правило не менее актуально. Для лучшего усвоения материала или концентрации на серьезном деле нужны кратковременные перерывы.

Чтобы расписание дел эффективно отразилось на работоспособности и принесло пользу, используйте интервалы на отдых. Погуляйте, посмотрите фильм, почитайте книгу или проведите время с друзьями.

Источник: www.poznaysebia.com



КАК И ЧТО НУЖНО ДЛЯ ОБРЕТЕНИЯ ВАЖНЫХ НАВЫКОВ ДЛЯ МОЛОДЕЖИ?

Сегодня, благодаря интернет-технологиям, курсам, тренингам, обучающим программам, каждый желающий может в короткие сроки овладеть необходимыми навыками.

Ниже представлен список умений, которые желательно обрести современной молодежи. Нужно надеяться на себя и самостоятельно развивать ценные навыки, которые пригодятся в реальной жизни для самореализации и достижения успеха.



2-5 лет

- (Заниматься 20-30 минут в день до трех лет)
- (Заниматься 30-60 минут в день в 3-5 лет)
- Выучить буквы алфавита
- Счет до десяти на родном языке
- Счет до десяти на английском
- Знать 50 слов на английском (цвет, числа, животные)
- Пользоваться телефоном, планшетом, компьютером
- Посещать спортивные и творческие кружки (например: танцы, рисование)
- Кататься на 4-х колесном велосипеде и роликах
- Читать по слогам
- Счет до 100
- Ежедневно учить стихи
